

Хаттама №2

Күні: 04.11.2022

Уақыты:14-00

Өту орны:АКТ зал

Күн тәртібінде:

1. 1-тоқсан қорытындысы. (Хакимжанова К.М.)
2. Қазақ, орыс ,ағылшын тілдері пән бірлестіктері бойынша тәжірибелі, жаңашыл мұғалімдер іс-тәжірибесін тарату.
Ахметбек А, «Сабақ барысында қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдері»
Ерниязова А.К. «Игровая деятельность на уроках как средства формирования ключевых компетенций.»
Кенжалы Ә «Ағылшын тілін оқытуда ақпараттық коммуникативтік технологияларды тиімді пайдалану жолдары»
3. «Алтын белгіге» және ерекше үлгідегі аттестатқа үміткер оқушыларды анықтау, бекіту.
4. Ағымдағы мәселелер:
 - Мектептегі ғылыми жұмыстардың ұйымдастырылуы.
(Абдрахманова А.Е.)
 - Мектептегі тәрбие жұмыстарындағы өзгерістер мен толықтырулар (Жунусова А.Қ. Бахытқан О.)
 - Оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі.
(Базылханова Ж.Б.)
 - Оқушылардың тасымалдануы. (Тілеухан М.)
 - Күнделік кз және НОБД (Хакимжанова К.М.)
 - Педагогикалық этиканың нормаларының сақталуы .
(Бабакова Ғ.Т.)
 - ПИЗА мен МОДО бойынша түсіндіру жұмысы.
(Хакимжанова К.М)

Тыңдалды :

Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша сөз директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары К.М.Хакимжановаға берілді.Биылғы жылғы 1-тоқсаны бойынша оқушылардың білімінің қорытындысын мұғалімдердің біліктілігінен басталды.Жалпы биылғы оқу жылында 106 мұғалім бар . Оның ішінде 99 мұғалім жоғары білімді , арнаулы орта 7 мұғалім.Санаты бойынша жоғары санатты 3мұғалім, 1-ші санатты 3 мұғалі , 2-ші санатты 3 мұғалім .Педагог-

мастер 1 мұғалім, Педагог-зерттеуші 18 мұғалім, Педагог-сарапшы 23 мұғалім, Педагог-модератор 26 мұғалім.

Келесі оқушылар бойынша мәлімет жалпы қыркүйек айында 55 сынып соның ішінде 1234 оқушы оның ішінде 660 қыз.Енді буынға бөлген кезде 1-4 сыныптарда 538 оқушы, 5-9 сыныптарда 597-оқушы, 10-11 сыныптарда 99-оқушы болды. Келесі тоқсандық білім сапасы бойынша 2021-2022 және 2022-2023 оқу жылдары бойынша білім сапасы салыстырылды.

2-мәселе: Қазақ, орыс, ағылшын тілдері пән бірлестіктері бойынша тәжірибелі, жаңашыл мұғалімдер өз іс-тәжірибелерімен бөлісті.

Ахметбек А, «Сабақ барысында қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдері»

Ерниязова А.К. «Игровая деятельность на уроках как средства формирования ключевых компетенций.»

Кенжалы Ә «Ағылшын тілін оқытуда ақпараттық коммуникативтік технологияларды тиімді пайдалану жолдары».

3-мәселе: 11 сыныптар бойынша 1-тоқсанда 9-оқушы оның ішінде алтын белгіге 1-оқушы, 8-оқушы үздікке үміткер. Биылғы жылы алтын белгі талабы өзгерді. Бұрын жылдығында ғана 5 болса алтын алатын, ал биылғы жылғы талап бойынша тоқсанында да 5 болу керек. 5-ші сыныптан бастап 11-ші сыныпқа дейін әр тоқсанында 5 болу керек. 9-шы сыныптарда 17-оқушы үздік болып тұр.

4-мәселе Ағымдағы мәселе:

- 1) Мектептегі ғылыми жұмыстың ұйымдастырылуы бойынша сөз **А.Е.Абдрахмановаға** берілді. Оқушылардың бейіндік пәндері бойынша және педагогтардың жас мамандардың ғылыми жұмыстардан бағытталуы жайында қысқаша айтылды. Аттестация бойынша 2021-2022 ж біліктілігін арттырған мұғалімдер және 2022-2023 оқу жылдарында біліктілігін арттырға өтініш берген мұғалімдер айтылды. Пәндік олимпиада бойынша былтыр орын алған оқушылар саны айтылды. Былтырғы жылы пәндік олимпиадаға 5-6 сыныптардан 117 оқушы қатысып 14 жеңімпаз атанды. 7-8 сыныптардан 10 жеңімпаз, 9-11 сыныптар 117 оқушы оның ішінде 28 жеңімпаз. **Аудандық** бойынша 4-сыныптардан 3оқушы-1, 2 оқушы 3-орын. **Аудандық** 5-6 сыныптар -2 оқушы 2,3 орын. **Аудандық** 7-8 сыныптар 10-оқушы 3 оқушы-1,2,3 орын.**Аудандық** 9-11 сыныптар -28 оқушы 7-оқушы жеңімпаз. **Обылыстық** 7-8 сыныптар -1 оқушы нәтиже жоқ. 9-11 сыныптар-1 оқушы нәтиже жоқ.

Ғылыми жоба бойынша .Зерде мектепішілік бастауыш-10 оқушы қатысып 5-жеңімпаз.5-7 сыныптар бойынша 6-жұмыс 6-жеңімпаз. Ғылыми жоба мектепішілік-17 жұмыс 9-жеңімпаз. Зерде аудандық бастауыш 5-жұмыс 5-жүлделі орын. 5-7 сыныптар бойынша 6-жұмыс 5-жүлделі орын . ғылыми жоба аудандық 8-11 сыныптар-9 жұмыс 5-жүлделі орын . зерде облыстық бастауыш сыныптар 3-жұмыс нәтиже жоқ. Ғылыми жоба облыстық 8-11 сыныптар -4 жұмыс 2-жүлделі 1-грамота.

Конкурстар :Аудандық Абай оқулары 13-оқушы 8-жүлделі орын.

Аудандық Иманжүсіп оқулары 3-жүлделі орын. **Аудандық** тіл дарыны 2-жүлделі орын.

Облыстық Абай оқулары -1 оқушы 1-орын. **Республикалық** Абай оқулары - 1 оқушы алғыс хат. **Облыстық** экологиялық жоба 2-орын. **Республикалық** экологиялық жоба 4-сертификат. **Облыстық** юниор скилс жобасы 1-орын.

Жас мамандар:2021-2022 оқу жылында 18-жас маман.2022-2023 оқу жылында 19-жас маман. **Облыстық Жас мамандар форумы -2 орын.**

- 2) Мектептегі тәрбие жұмысындағы өзгерістер мен толықтырулар бойынша сөз Директордың оқу тәрбие ісі жөніндегі орынбасары **О.Бахытқанға** берілді . Биылғы 2022 жыл президентіміздің жолдауымен балалар жылы деп аталған болатын және балаларға арналған іс шараларды өткізу.«Оқуға құштар мектеп», «Дебат қозғалыстары», «Мектеп парламенті», «Балалар және театр», «Жылыжайлар» және т.б. жобаларын іске асыру жөнінде айтып өтті.Биылғы оқу жылында негізгі даталар бар олар А.Байтұрсыновтың 150 жылдығы, Р.Бағланованың 100 жылдығы, Қазыбекбидің 155 жылдығы, М.Әуезовтың 125 жылдығы , Қонаевтың 110 жылдығы және Қазақстан мемлекеттік рәміздерінің 30-жылдығы аталып өтілуі керек екені әдістемелік нұсқау хатта көрсетілген болатын. Осы тұлғаларды таныту арқылы оқушылардың құндылығын арттыруға болады . тәрбие бойынша ауданның берілген 8 бағытта жұмыс істемей оқу мен тәрбиені ұштастыру барысында жұмыс жасау . Келесі сәрсенбіге дейін сынып жетекшілерге осы ортақ тақырыпта 2-ші тоқсанның тәрбие бойынша орта мерзімді жоспарын тапсыру керек екенін айтып өтті .

- 3) Оқушылардың ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі бойынша сөз **Ж.Б.Базылхановаға** берілді.2021 ж 177 бала тегін тамақпен қамтамасыз етілсе, биылғы 2022 ж 223 бала қамтамасыз етілген. Тегін тамаққа құжат тапсыру әр айдың 15-не дейін жалғасып отырады, отырыс кезінде комиссия мүшелері қарастырып, ережеге сай келген жағдайда оқушы тізімге енгізіледі.

Қазан айында 2-11 сынып аралығында тегін тамақтанатын оқушы саны 226-оқушы. 1-сыныптар 125. Қараша айы бойынша 2-11 сынып аралығындағы тегін тамақтанатын оқушылардың саны 221 оқушы 90-отбасы. 1-сынып оқушыларының саны 121. Мектеп медбикесімен бірге күнделікті ас мәзірі, тамақтың сапасы, балалардың ысық тамақ ішуі қадағаланып, күнделікті табельге белгіленіп отырылады. Қазан айындағы бекітілген жоспар негізінде 13.10.2022 ж. «Мектеп асханасындағы тамақтану сапасы» тақырыбында 2-11 сынып аралығында тегін тамақпен қамтамасыз етілген оқушылардың сауалнама алынды.

4) Оқушылардың тасымалдануы бойынша сөз тәлімгер **М.Тілеуханға** берілді. Осы күнге дейін 709 оқушы автобуспен тасымалданып отырылған. Соңғы келген оқушылар әлі құжаттары толық тапсырылмаған сынып жетекшілерге сол құжаттарды толық тапсыру керек екендігін атап айтты. Келесі 2 тоқсанға мұғалімдерден кезекшілікке қойылған мұғалімдер осы тоқсан бойы кезекшілігін жауапкершілікпен өтеулері керектігін айтты. Алдағы уақытта оқушыларды тасымалдауға 4-автобус жүретінін айтты.

5) Күнделік кз және НОБД бойынша сөз **К.М.Хакимжановаға** берілді. Күнделік пен НОБД тексеріліп шықты күнделік пен НОБД сәйкес келу керек. Кеткен оқушылар Толық күнделік пен НОБД дан шығарылды. Келген оқушыларды толық күнделікке уақытылы кіргізу керектігі және НОБД бойынша келген жағы шығарыллуын қадағалау керектігі айтылды.

6) Педагогикалық этиканың нормаларының сақталуы. Бұл жерде педагогикалық этика мүшелерінің орындары ауыстырылды сондықтан бұл мәселе келесі педагогикалық кеңеске қалдырылды.

7) ПИЗА және МОДО бойынша сөз **К.М.Хакимжановаға** берілді. Мектепте 21-қараша күні ПИЗА және МОДО өткізілетіні, ПИЗА ға 50-оқушы қатысатындығы туралы айтылды.

Қаулы :

1. I тоқсан қорытындысы бірлестік отырыстарының шешімі бойынша отырыс хатамасы әкелінсін. I-тоқсан қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын .
2. Үш бірлестіктен 3 мұғалім өзінің іс-тәжірибесімен бөлісті. Бұл кісілердің тәжірибесі мектеп ұжымы ішінде таратылсын және қанағаттанарлық деп танылсын.
3. 9-11 сынып оқушылары үшін алтын белгіге және ерекше аттестатқа үміткер оқушылар үнемі бақылауға алынсын.
4. Ағымдағы мәселе :
 - Мектептегі ғылыми жұмыстары бойынша қанағаттанарлық деп танылсын .
 - Мектептегі тәрбие жұмыстарындағы өзгерістер мен толықтырулар қанағаттанарлық деп танылсын .
 - Оқушылардың ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі берілген есепте қанағаттанарлық деп танылсын .
 - Оқушылардың тасымалдануы бойынша берілген есеп қанағаттанарлық деп танылсын .
 - Күнделік және НОБД бойынша Күнделік күнделікті бақылауда болады. Осы педагогикалық кеңестің шешімінен кейін күнделікті сағат 7 ден кейін толтырған мұғалімдерге жазбаша түрде ескерту берілсін.
 - Педагогикалық этиканың мүшелері орындары ауыстырылды .

Педагогикалық кеңестің төрайымы

Мектеп директоры:

Хатшы:



А.А.Туркестанбаева

А.Т. Берлибекова